

СУБСИДИЯЛАУ: КӘСІПОРЫННЫҢ МҮЛІКТІК ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ  
КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

## SUBSIDIZING: SOME ISSUES OF PROPERTY STABILITY OF THE ENTERPRISE

СУБСИДИРОВАНИЕ: НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ  
ИМУЩЕСТВЕННОЙ СТАБИЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЯ

Г.Б. УТИБАЕВА \*

Э.Ф.К.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан

\*автордың электрондық поштасы: [gulzhan\\_79@mail.ru](mailto:gulzhan_79@mail.ru)

G.B. UTIBAYEVA \*

С.Е.Sc.

S. Seifullin Kazakh Agro Technical University, Astana, Kazakhstan

\*corresponding author e-mail: [gulzhan\\_79@mail.ru](mailto:gulzhan_79@mail.ru)

Г.Б. УТИБАЕВА \*

К.Э.Н.

Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллиной, Астана, Казахстан

\*электронная почта автора: [gulzhan\\_79@mail.ru](mailto:gulzhan_79@mail.ru)

**Аңдатпа. Мақсаты** – ауыл шаруашылығы кәсіпорны алатын мемлекеттік субсидиялар көлемдерінің динамикасын және оның өндірістік-қаржылық қызметінің нәтижелерін бағалау. **Әдістері** – статистикалық-экономикалық және салыстырмалы талдауды қолдану негізінде өсімдік шаруашылығы саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерді субсидиялау мөлшері қаралған. **Нәтижелері** – дәнді дақылдар өндірісінің көрсеткіштері зерделенді, олардың шығындар элементтері мен баптары тұрғысынан өзіндік құны, сату бағасы мен қаржылық жағдайы, жылдар бойынша дотация көлемі тұрақсыз талданған. Жылдан жылға мемлекеттік қолдаудың қомақты сомасын алатын кәсіпорынның өсімдік шаруашылығы өнімі көлемінің барабар өсімі жоқ екені анықталған. Сондай-ақ, мемлекеттік көмектің біржақты сипаты байқалады, ол негізінен өсімдік шаруашылығы саласын өндірушілерге бағытталған. Жалпы және таза пайданың өзгерістері анықталған, олардың мәні жылдар бойынша айтарлықтай өзгеріп отырады, ал өндірістік параметрлердің төмендеуі олардың мөлшерінің қысқаруына және кәсіпкерлердің қаржылық белсенділігінің төмендеуіне әкеледі. **Қортындылар** – қолдау шараларын жетілдіру, бұл, ең алдымен, оның мөлшерін арттыру, сондай-ақ қысқа мерзімді кредиттер бойынша берешекті есептен шығару немесе оларды кейінге қалдыру, ұзақ мерзімді кредиттеу бойынша пайыздық мөлшерлемелерді төмендету. Ұсынылып отырған тәсілдер шаруашылықтарға прогрессивті техника мен технологияларды енгізу, неғұрлым өнімді тұқым материалын, қорғау құралдары мен тыңайтқыштарды пайдалану, аграрлық өндірістің экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру, сондай-ақ дәнді, дәнді-бұршақты және жемшөп дақылдары алып жатқан топырақтың құнарлылығы мен сапасын жақсарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға арналған. Бөлінетін субсидиялардың тиімділігін бағалау үшін оларды жұмсаудың нақты нәтижесін барынша дәл анықтау қажет. Аграрлық саясат, дағдарысқа қарсы шаралар отандық агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

**Abstract. The goal** is to assess the dynamics of the volumes of state subsidies received by an agricultural enterprise and results of its production and financial activities. **Methods** – based on the use of statistical, economic and comparative analysis, the sizes of subsidizing economic entities in crop industry are considered. **Results** – indicators of grain production were studied, their cost price was analyzed in the context of elements and cost items, sales prices and financial condition, volume of subsidies is unstable over the years. It was revealed that the enterprise, receiving significant amounts of public support from year to year, does not have an adequate growth in crop production. The unilateral nature of public support is also noted, which is largely directed to crop producers. Changes in gross and net profits are determined, the value of which fluctuates signifi-



анықталғандай, олардың көлемі кәсіпорынның өндірістік іс-әрекетінің нәтижелеріне толық сәйкес келмейтінін және өнімнің өзіндік құны айтарлықтай өскенін атап өтуге тура келеді.

Басқаша айтқанда, бұл арада мынадай сауал орын алуы мүмкін. Егер қаржылық қолдау нақты таур өндіруші іс-әрекетінің соңғы нәтижелеріне ешқандай ықпал етпесе, онда мемлекет сол тауар өндірушіге қандай мақсатпен бюджеттік қаражаттарды береді? Субсидия көлемін ұлғайту немесе берілген қаражатты тиімді пайдаланатын кәсіпорындарға немесе қаржылық жағдайы жақсы кәсіпорындарға беру арқылы оларды қайта бағыттау қажет шығар. Мүмкін шығындарды өтеу үшін, әсіресе қолайсыз жылдарда, сақтандыру механизмін тиімдірек пайдалану қажет шығар [7,8].

#### Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу әдіснамасын ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісін де, берілген субсидиялар көлемін де сипаттайтын динамикалық көрсеткіштерді есептеу және салыстыру әдістерін қолдануға негізделеді. Субсидиялар мөлшері мен өсімдік шаруашылығының көлемдерінің жай-күйі мен динамикасын және белгілі бір ауыл шаруашылығы кәсіпорнының алынған қаржылық нәтижелерін зерделеу кезінде біз салыстыру мен динамиканың экономикалық және статистикалық әдістеріне, абстрактілі-логикалық әдістерге негізделген оларды салыстырмалы бағалау әдісін, қаржылық есептілік көрсеткіштерін қаржылық талдау әдістерін және алынған нәтижелерді жалпылау әдісін қолдандық [9,10].

Бұл мақалада зерттеудің бастапқы материалы ретінде «Ең-Дала» ЖШС-нің

2019-2021 жылдардың есеп пен есептілігінің көрсеткіштері пайдаланды. Сол көрсеткіштердің негізінде өсімдік шаруашылығының өнім өндіру көлемі мен өзіндік құнын, сату көлемін басқарушылық бухгалтерлік есеп мәліметтері және кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау мен бағалау үшін қаржылық есептілік деректері пайдаланылды [11,12].

Аталмыш мақалада зерттеудің бастапқы материалы ретінде «Ең-Дала» ЖШС-нің 2019-2021 жылдар бойынша берілген есептің және есептіліктің көрсеткіштері пайдаланды. Атап айтқанда, басқарушылық есептің өсімдік шаруашылығы бойынша өндіріс, өзіндік құн және сату көлемінің мәліметтері мен кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау және талдау үшін қажетті қаржылық есептіліктің деректері қолданды [13,14].

#### Нәтижелер және оларды талқылау.

Ең алдымен, «Ең-Дала» ЖШС өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруге маманданғанын атап өту керек, себебі оның үлесіне ауыл шаруашылық өнімдерін өткізуден түскен барлық түсімдердің орта есеппен 90%-дан астамы келеді (1 кесте).

1 кестенің мәліметтеріне сәйкес кәсіпорын 2020 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудан ең көп түсім алды деп айтуға болады, бұл кезде оның көлемі 2019 жылғы деңгейден 2,4 есе асып түсті. Сонымен қатар, ең жоғары өсім қатты бидай (12 есе), жаздық бидай (2 есе), зығыр (3,5 есе) және көпжылдық шөптердің пішені (3 есеге жуық) сатудан болды. Алайда 2021 жылы түсімнің күрт төмендеуі байқалады, бұл кезде оның көлемі 2020 жылғы деңгейдің небәрі 54,5% құраған [15].

1 кесте – «Ең-Дала» ЖШС ауыл шаруашылық өнімдерді сатудан түскен түсімнің көлемі мен құрылымы

Өнім түрлері	2019ж.		2020ж.		2021ж.		Тізбекті өзгеру қарқыны, %	
	мың теңге	үлесі, %	мың теңге	үлесі, %	мың теңге	үлесі, %	2020ж.	2021ж.
Жаздық бидай	723 978	56,7	1 453 026	47,3	1 012 139	60,4	2 есе	69,7
Қатты бидай	61 750	4,8	753 733	24,5	247 623	14,8	12 есе	31,9
Арпа	9 4513	7,4	185 216	6,0	66 776	4,0	196,0	36,1
Сұлы	105 134	8,2	12 382	0,4	18 151	1,1	11,8	146,6
Тары	26 970	2,1	-	-	-	-	-	-
Шөп	18 821	1,5	54 931	1,8	101 212	6,0	2,9 есе	184,3
Зығыр	141 995	11,1	496 843	16,2	12 321	0,7	3,5 есе	-
Өсімдік шаруашылығы, барлығы	1 173 161	92,0	2 956 131	96,2	1 458 222	87,1	2,5 есе	49,3
Мал шаруашылығы, барлығы	69 378	5,4	98 145	3,2	183 018	10,9	141,5	186,5
Басқа сатулар	33 709	2,6	17 787	0,6	33 652	2,0	52,8	189,2
Барлығы	1 276 248	100,0	3 072 063	100,0	1 674 892	100,0	2,4 есе	54,5

Жыл сайын ауыл шаруашылық өнімдерін өткізуден түсетін түсім құрылымында өсімдік шаруашылығы өнімдерін өткізуден түсетін түсімдер басым болатынын байқау қиын емес.

Мәселен, оның үлесі 2019 жылы – 92,0%, 2020 жылы – 96,2% және 2021 жылы – 87,1% болған. Ал өсімдік шаруашылығын сатудан түскен түсім құрылы-

мында ең жоғары үлесті бидай сатудан түскен түсім алады. Оның үлесі 2019 жылы өсімдік шаруашылығы өнімдерін сатудан түскен түсім көлемінің 61,5%, 2020 жылы – 71,8% және 2021 жылы – 74,8% құраған.

Енді «Ең-Дала» ЖШС-нің тиімділік көрсеткіштеріне тоқталмастан бұрын, осы кәсіпорынның алған субсидияларының түрлері мен көлеміне тоқталайық (2 кесте).

2 кесте – «Ең-Дала» ЖШС берілген мемлекеттік субсидияларының түрлері, мың теңге

Субсидиялар түрлері	2020ж.		2021ж.		2021ж. %-бен 2020ж.
	сомасы	үлесі, %	сомасы	үлесі, %	
Несиелер бойынша субсидияланған пайыздық мөлшерлеме	77 470	25,01	73 267	13,78	94,6
Тұқымдарға жұмсалған шығындарды субсидиялау	2 719	0,88	129 765	24,41	47,7 есе
Тыңайтқыштарға жұмсалған шығындарды субсидиялау	31 380	10,13	152 147	28,62	4,8 есе
Гербицидтерге жұмсалған шығындарды субсидиялау	89 717	28,96	161 095	30,30	179,6
Инвестициялық субсидиялар	102 913	33,22	13 729	2,58	13,3
Мал шаруашылығы бойынша субсидиялар	5 565	1,80	1 602	0,30	28,8
Барлығы	309 765	100,00	531 606	100	171,6

2 кестедегі мәліметтер бойынша кәсіпорынды қаржылық қолдау көлемінің 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 71,6%-ға немесе 221 841 мың теңгеге өскенін көруге болады. Оның үстіне субсидиялар құрылымында да өзгерістер орын алғанын да байқауға болады. Егер 2020 жылы инвестициялық субсидиялар 33,2%, гербицидтер бойынша субсидиялау 29% және несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау 25% құраса, 2021 жылы кәсіпорын ең көп субсидияларды гербицидтерді (30,3%), тыңайтқыштарды (28,6%) және тұқымдарды (24,4%) сатып алуға алған.

Ал кестенің мәліметтерінен мал шаруашылығы бойынша субсидиялардың іс

жүзінде барынан жоғы деп айтуға әбден болады. Мәселен, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге берілген субсидия көлемі 2020 жылғы 5 565 мың теңгеден 2021 жылы 1 602 мың теңгеге немесе 72,2 пайызға азайған. Мұндай күрт құлдырау, біздің ойымызша, кәсіпорынға өндіріс көлемін ұлғайту түгілі, жай ғана мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге мүмкіндік бермейді. Бұл осы кәсіпорынның өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруге маманданғанын тағы бір рет дәлелдейді.

Енді субсидиялардың барлық көлемі дерлік қамтамасыз етілген өсімдік шаруашылығының негізгі өндірістік көрсеткіштерін талдап көрейік (3 кесте).

3 кесте – «Ең-Дала» ЖШС дәнді дақылдар өндірісінің көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2019ж.	2020ж.	2021ж.	Тізбекті өзгеру қарқыны, %	
				2020ж.	2021ж.
Дәнді дақылдардың өнімділігі, ц/га					
Бидай	12,7	24	8,1	189,0	33,8
Қатты бидай	18,1	22,5	8,5	124,3	37,8
Арпа	13,2	33,4	8,5	2,5 есе	25,4
Сұлы	14,4	24	6,8	166,7	28,3
Егістік алқабы, га					
Бидай	8 253	9 417	9 063	114,1	96,2
Қатты бидай	974	3 459	1 157	3,5 есе	33,4
Арпа	1 713	1 194	2 457	69,7	2,1 есе
Сұлы	406	543	600	133,7	110,5
Жалпы өнім, тонна					
Бидай	10 505	22 609	7 867	215,2	34,8
Қатты бидай	1 761	7 785	987	4,4 есе	12,7
Арпа	2 270	3 982	2 091	175,4	52,5
Сұлы	586	1 300	410	2,2 есе	31,5

3 кестедегі келтірілген деректер өсімдік шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлері бойынша ең жақсы өндірістік көрсеткіштерге «Ең-Дала» ЖШС 2020 жылы қол жеткізілгенін көрсетеді.

Мәселен, биыл қатты бидайдың өнімділігі гектарына 22,5 центнерді, жаздық бидай мен сұлының гектарына 24 центнерді, арпаның 33,4 центнерді құрап, 2019 жылмен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Сонымен қатар, қатты бидай алып жатқан егістік алқаптары да айтарлықтай өсті – 2019 жылғы 974 гектардан 2020 жылы 3 459 гектарға немесе 3,5 есеге, сондай-ақ сұлы дақылдары бойынша егістік алқапта 33,7%-ға ұлғайған. Өнімділік пен егістік алқабының артуы нәтижесінде 2020 жылы дәнді дақылдардың жалпы өнім көлемдері айтарлықтай өскен: жаздық бидай бойынша – 2,1 есе, қатты бидай – 4,4 есе, арпа – 75,4% және сұлы – 2,2 есе.

3 кестедегі мәліметтер бойынша 2021 жылы барлық өндірістік көрсеткіштер айтарлықтай төмендегені көрініп тұр. Мәселен, жаздық бидайдың өнімділігі 66,2 пайызға, қатты бидайдың 62,2 пайызға, арпаның 74,6 пайызға, сұлының 71,7 пайызға төмендеген. Бұл осы шаруашылық бойынша өнімділіктің ең төмен деңгейі болған жыл.

Сонымен бірге, қатты бидай (66,6%-ға) және жаздық бидай (3,8%-ға) алып жатқан егістік көлемдері айтарлықтай қысқарған. Және де, арпаның егіс алқабының 2,1 есеге және сұлының – 10,5%-ға өсулеріне қарамастан, арпа мен сұлының жалпы өнімдері 2020 жылмен салыстырғанда тиісінші 47,5%-ға және 68,5%-ға төмендеген. Сондай-ақ, 2020 жылмен салыстырғанда жаздық бидай бойынша жалпы өнім 65,2%-ға және қатты бидай 87,3%-ға азайған. Түйіні, мұндағы басты фактор – ол дәнді дақылдардың өнімділігінің айтарлықтай төмендеуі.

Енді қарастырылып отырған жылдардағы берілген субсидиялар көлемін өндіріс нәтижелерімен салыстырып, талдайық. Жоғарыда 2 кестедегі мәліметтер бойынша кәсіпорын 2020 жылы өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруге 201 287 мың теңге субсидия алса, 2021 жылы оның көлемі 516 275 мың теңгені құраған. Бірақта, субсидиялар көлемінің өсуі өндірістік қызмет нәтижелеріне іс жүзінде кері әсер еткенін көруге болады – 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы барлық дәнді дақылдардың өзіндік құнының өсуі (4 кесте).

4 кесте – Шығындар баптары мен элементтері бойынша дәнді дақылдардың өзіндік құны, мың теңге

Шығындар баптары мен элементтері	Жаздық бидай			Арпа			Сұлы		
	2019	2020	2021	2019	2020	2021	2019	2020	2021
ЖЖМ	81 528	65 913	47 041	17 614	10 731	12 240	6 544	3 500	2 401
Тұқым	29 254	48 995	40 609	4 658	2 466	4 416	86	1 464	4 183
Бөлшектер	94 484	179 994	158 949	31 216	28 046	48 757	7 053	9 147	259
Химпрепар	91 742	240 535	176 014	32 783	15 953	46 795	6 458	9 978	5 180
Еңбекақы	89 697	151 201	120 163	15 058	9 188	27 215	3 885	5 994	6 339
Электрокуат	2 049	1 126	1 628	443	198	433	114	65	85
Амортизация	28 232	196 784	190 487	21 223	30 594	37 517	5 475	9 978	2 690
Жөндеу	10 582	5 490	3 754	2 286	967	598	589	315	196
Тыңайтқыш	37 969	39 838	70 228	7 316	3 820	17 605	-	1 737	3 454
Химжұмыс	6 748	3 293	-	1 458	403		376	132	
Басқа	1 030	14 204	3 240	589	85	2 052	258	816	795
Барлығы	473 315	947 373	812 113	134 644	102 451	197 628	30 838	43 126	25 582
Жалпы өнім, т	10 505	22 609	7 867	2 270	3 982	2 091	585	1 300	410
1 т өзіндік құны, тг	45 055	41 903	103 236	59 325	25 727	944 95	52 669	33 177	62 350

4 кестедегі мәліметтер 2021 жылы жаздық бидай өндіруге жұмсалған жалпы шығын 2020 жылмен салыстырғанда 947 373 мың теңгеден 812 113 мың теңгеге немесе 14,3%-ға төмендегенін көрсетеді. Алайда, бұл өнімнің жалпы көлемі 22 609 тоннадан 7 867 тоннаға немесе 65,2 пайызға азайғанының себебінен болып отыр.

Сол себептен 1 тонна жаздық бидайдың өзіндік құны 41903 теңгеден 103 236 теңгеге немесе 2,5 есеге өскен. Ал барлық баптардың ішінде өнімнің өзіндік құнының мұндай өсуіне электркуат (44,6%-ға) және тыңайтқыштар (76,3%-ға) құндарының қымбаттауы әсер етті.

Сондай-ақ, жыл сайын дөнді дақылдардың өзіндік құны құрылымында ең көп үлесті қосалқы бөлшектерге, химпрепараттарға, тыңайтқыштарға, жұмысшылардың еңбекақысына, амортизациялық аударымдарға, жанар-жағармайға шығатын шығындар алатынын айтуға болады. Бұл әсіресе арпа өндірісінің өзіндік құнының өсуінен байқалады. Мысалы, 2021 жылы 1 тонна арпаның өзіндік құны 94 495 теңгені құраған болса, ол 2020 жылмен салыстырғанда 3,7 есеге жоғары, ал оның жалпы өнімі 47,5 пайызға төмендеген.

2021 жылы 1 тонна арпаның өзіндік құны құрылымында барлық элементтер мен баптар бойынша шығындар өскен. Мысалы, тыңайтқыштар бойынша – 4,6

есеге, химиялық заттар – 2,9 есеге, электр энергиясы – 2,2 есеге, тұқым – 79,1 пайызға, қосалқы бөлшектерге – 73,8 пайызға және жанар-жағармайға – 14,1 пайызға артқан. Сол сияқты, 2021 жылы 1 тонна сұлының өзіндік құны өскен.

2020 жылы оның мөлшері 33 177 теңге болса, 2021 жылы 62 350 теңгеге немесе 87,9%-ға өскен. Ал бұл жылы арпаның, бидайдың және сұлының жалпы өнімдерінің көлемі төмендеген. Кәсіпорын 2021 жылы берілген субсидиялардың өте әсерлі көлеміне қарамастан осындай нәтижеге жетіп отыр. Сонымен бірге, 2020 жылы кәсіпорын ең жақсы кіріс көрсеткіштеріне қол жеткізгенін көруге болады (5 кесте).

5 кесте – «Ең-Дала» ЖШС іс-әрекетінің қаржылық нәтижелері, мың теңге

Көрсеткіштер	2019ж.	2020ж.	2021ж.	Тізбекті қарқыны, %	
				2020ж.	2021ж.
Өнім сатудан түсім	1 276 248	3 072 063	1 674 892	2,4 есе	54,5
Өнімнің өзіндік құны	1 105 035	1 716 443	1 216 781	155,3	70,9
Жалпы пайда	171 213	1 355 620	458 111	7,9 есе	33,8
Қаржыландырудан кіріс	1 016	2 215	1 411	2,2 есе	63,7
Басқа кірістер	336 531	38 5202	573 068	1 14,5	148,8
Өнім сатуға шығындар	12 615	36 092	37 841	2,9 есе	104,8
Әкімшілік шығындар	123 248	174 912	195 680	141,9	111,9
Қаржыландыруға шығындар	126 025	190 998	260 098	151,6	136,2
Басқа шығындар	146 563	68 711	91 977	46,9	133,9
Жалғасатын қызметтен түсетін пайда	100 309	1 272 824	446 995	12,7 есе	35,1
КТС шығыстары			33 410	-	-
Кезеңдегі жалпы пайда (зиян)	100 309	1 272 824	413 585	12,7 есе	32,5

Мысалы, 2019 жылмен салыстырғанда түсім 2,4 есеге өскен. Сонымен бірге, сатылған өнімнің өзіндік құны да 1,5 есеге өскен. Бірақ, түсімнің өсу қарқыны сатылған өнімнің өзіндік құнының өсу қарқынынан әлдеқайда жоғары болғанының нәтижесінде кәсіпорынның жалпы пайдасының күрт өскенін түсіндіруге болады. Оның мөлшері 2020 жылы шамамен 8 есеге өскен. Коммерциялық банктерде орналас-тырылған депозиттер бойынша сыйақы алуға байланысты кәсіпорынның басқа да кірістері аздап өсті – 14,5%-ға.

Жалпы, кәсіпорынның шығындарында өсу үрдісі орын алған. Мысалы, 2020 жылы әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізуге жұмсалған шығындар – 2,9 есеге, әкімшілік шығындар – 41,9%-ға және қаржыландыру шығындары (бұл кәсіпорынның алған несиелері бойынша төлейтін сыйақысы) – 51,6%-ға өскен. Алайда олардың өсу қарқыны түсімнің өсу қарқынынан төмен болуына байланысты

2020 жылы кәсіпорын ең жоғары таза пайдаға қолы жетіп отыр.

2021 жылы кірістердің барлық көрсеткіштері айтарлықтай төмендеген, ал шығыстар, керісінше, өскен. Мысалы, өнімді өткізуден түскен түсім 40,5%-ға төмендесе, сатылған өнімнің өзіндік құны не бары 29,1%-ға төмендеген. Нәтижесінде жалпы пайда мөлшері түсімнен де көп төмендеген. Атап айтқанда, оның құны 2021 жылы 66,2%-ға төмендеген. Барлық басқа шығыстардың, әсіресе қаржыландыру шығыстарының өсуі (51,6%-ға) кәсіпорынның таза пайдасының 67,5%-ға төмендеуіне әкелген. Бұл кәсіпорынның несиелер мен займдарға тәуелділігінің жоғары екендігін көрсетеді.

Кәсіпорынның соңғы қаржылық нәтижелеріндегі барлық өзгерістер оның қаржылық жағдайына тікелей әсер етеді (6 кесте).

Бұл кәсіпорынның қаржыландырудың сыртқы көздеріне тәуелділігін жоғарыда атап өттік. Оның заемдық капиталының мөлшері меншікті капитал мөлшерінен әлдеқайда жоғары және өсу тенденция-

сына ие екені де сол пікірге дәлел. 2021 жылы кәсіпорынның заемдық капиталының көлемі 5 790,6 млн теңгені құраған, ол меншікті капиталдың көлемінен 2,5 есе дерлік. Мұндай жағдай 2021 жылы тәуелділік коэффициентінің 71%-ға дейін өсуіне

және қаржыландыру коэффициентінің 0,42-ге дейін төмендеуіне әкелді. 2020 жыл бойынша есептелген коэффициенттердің деңгейлері 2019 және 2021 жылдардағы деңгейлерден сәл болса да жоғары.

6 кесте – «Ең-Дала» ЖШС қаржылық жағдайының көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2019ж.	2020ж.	2021ж.
Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті	0,21	0,35	0,29
Қаржылық тәуелділік коэффициенті	0,79	0,65	0,71
Қаржыландыру коэффициенті	0,26	0,54	0,42
Заемдық және меншікті құралдардың арақатынасының коэффициенті	3,86	1,86	2,4
Қаржылық тұрақтылық коэффициенті	0,6	0,61	0,54
Дебиторлық және кредиторлық берешектер арақатынасының коэффициенті	1:10	1,4	1,3
Абсолютті өтімділік коэффициенті	0,06	0,02	0,03
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	0,73	1,02	0,76

Жалпы алғанда, жүргізілген бағалау кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттайтын барлық дерлік көрсеткіштердің деңгейлері өте төмен және олардың мәндері ұсынылған нормаларға әлдеқайда сәйкес емес деген қорытынды жасауға мүмкіндік беретінін әбден айтуға болады. Басқаша айтқанда, ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындардың бірі «Ең-Дала» ЖШС-ік іс жүзінде қаржылық дағдарысқа ұшырайтын жағдайда екенін және қаржылық қолдаусыз өндірістік іс-әрекетін жүзеге асыра алмайтынын айтуға болады.

#### Қорытынды

1. «Ең-Дала» ЖШС-тің іс-әрекетіне жүргізілген талдау өсімдік шаруашылығындағы өндірістік процестер мемлекеттік субсидияларсыз, әртүрлі қаржы институттарының несиелері мен заемдарсыз жүзеге асырылмайтынын көрсетті.

2. Талдау жүргізіп отырған кәсіпорынның алатын субсидияларының түрлері мен көлемдері және оларды пайдалану нәтижелері оның өндірістік қызметінің көрсеткіштеріне және қаржылық жағдайына белгілі бір дәрежеде әсер етеді.

3. Тұқым мен ауыл шаруашылығы техникасын жөндеуден басқа, қымбатқа сатып алынатын материалдар мен құралдарды сатып алу құнын субсидиялау орынды деп санаймыз.

4. Кейбір шаруашылықтардың, тіпті ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындарының қиын қаржылық жағдайын ескере отырып, қысқа мерзімді несиелер бойынша мерзімін ұзарту немесе оларды толығымен есептен шығару, ал ұзақ мерзімді несиелер бойынша ставкаларды 1-3%-ға дейін төмендету мүмкіндігін қарастыру орынды болар еді.

5. Субсидия көлемін ұлғайту немесе берілген қаражаттарды тиімді пайдаланатын кәсіпорындарға немесе қаржылық жағдайы жақсы кәсіпорындарға беру бағытырын өзгерту қажет сияқты.

#### Әдебиеттер тізімі

[1] Тажибаева, Р.М. Государственная поддержка аграрного сектора Казахстана / Р.М. Тажибаева // Проблемы агрорынка. – 2021. - №1. – С. 44-49.

[2] Альдешова, С.Б. Финансово-хозяйственная деятельность в сельскохозяйственных предприятиях: теоретический аспект / С.Б. Альдешова, Г.Т. Ахметова, М.С. Дарискалиева // Проблемы агрорынка. – 2021. - №2. – С. 86-92.

[3] Кантарбаева, Ш.М. Возможности скринга при субсидировании сельхозтоваропроизводителей Республики Казахстан / Ш.М. Кантарбаева, А.Б. Тлесова // Проблемы агрорынка. – 2019. - №1. – С.84-90.

[4] Кантарбаева, Ш.М. Оценка регулирующего воздействия государства на развитие аграрного производства / Ш.М. Кантарбаева // Проблемы агрорынка. - 2019. - №4. - С. 19-25.

[5] Жунусова, Р.М. Өсімдік шаруашылықтарында өндіріс тиімділігін арттыру / Р.М. Жунусова, Д.Т. Ахметова, Р.М. Жунусова, Б.С. Утибаев // Проблемы агрорынка. -2021. - №1.- Б. 57-66.

[6] Рахметова, А. Финансово-кредитный и инновационный секторы экономики: оценка макроэкономических эффектов регулирования и взаимодействия секторов / А. Рахметова, Г. Калкабаева, А. Курманалина, Г. Серикова, Б. Аймурзина // Проблемы предпринимательства и устойчивого развития. – 2020. - №8 (1). - С. 1224–1237.

[7] Сигарев, М.И. Кредитование сельскохозяйственного производства в Казахстане /

М.И. Сигарев, Ш.М. Кантарбаева, З.З. Мейманкулова, Д.Е. Шахова-Ахмешова // *Life Science Journal*. - 2014. – 11 (9). - С. 299–302.

[8] Попова, О.В. Развитие методологических подходов к прямой государственной поддержке аграрных товаропроизводителей / О.В. Попова, А.А. Сидорин // *Экономика и предпринимательство*. - 2015. - №6. - С. 1134-1139.

[9] Likhmanova, G. Innovative development of the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan / G. Likhmanova, K. Baisholova, N. Shiganbayeva // *Revista Espacios*. – 2019. - Vol. 40. – N. 32. - P. 6-19.

[10] Tokbergenova, A. Sustainable Development Agriculture in the Republic of Kazakhstan / A. Tokbergenova, L. Kiyassova, S. Kairova // *Polish Journal of Environmental Studies*. - 2018. - Vol. 27. – N. 5. - P. 1923-19338.

[11] Мороз, О.В. Модель финансовой децентрализации сельских территорий Украины / О.В. Мороз, В.М. Семцов, Г.С. Кукель // *Актуальные проблемы экономики*. - 2016. – №182 (8). - С. 291-301.

[12] Утибаев, Б.С. Финансовая поддержка сельскохозяйственных товаропроизводителей Республики Казахстан / Б.С. Утибаев, Д.Т. Ахметова, Г.Б. Утибаева, Р.М. Жунусова // *Проблемы агрорынка*. - 2016. - №2 (62). - С. 62-69.

[13] Утибаева, Г.Б. Эффективность деятельности кредитных товариществ и кредитруемых сельхозтоваропроизводителей / Г.Б. Утибаева, Б.С. Утибаев, Р.М. Жунусова, Д.Т. Ахметова // *Вестник науки Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина*. – 2019. - №3 (102). – С. 159-167.

[14] Утибаев, Б.С. Финансовая отчетность и методика анализа ее показателей. - Астана: Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, 2018. – 317 с.

[15] Бухгалтерская (финансовая) отчетность ТОО «Ен-Дала» за 2019-2021 годы [Электронный ресурс]. - 2023. - URL: <https://eldala.kz/dannye/kompanii/5762-en-dala> (дата обращения: 05.01.2023).

### References

[1] Tazhibayeva, R.M. (2021). Gosudarstvennaia podderzhka agrarnogo sektora Kasakhstana [State support for the agricultural sector of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 1, 44-49 [in Russian].

[2] Aldeshova, S.B. & Akhmetova, G.T. & Dariskalieva, M.S. (2021). Finansovo-khozjaistvennaia dejatel'nost' v selskokhozjaistvennykh predpriyatijakh: teoreticheskii aspekt [Financial and economic activity in agricultural enterprises: theoretical aspect]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 2, 86-92 [in Russian].

[3] Kantarbayeva, Sh.M. & Tlesova, A.B. (2019). Vozmozhnosti skoringa pri subsidirovanii selkhoztovaroproduktsionnykh Respubliki Kasakh-

stan [Possibilities of scoring when subsidizing agricultural producers of the Republic of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 2, 84-90 [in Russian].

[4] Kantarbayeva, Sh.M. (2019). Ocenka regulirushchedo vozdeistviya gosudarstva na rasvitiye agrarnogo proizvodstva [Assessment of the regulatory impact of the state on the development of agricultural production]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 4, 19-25 [in Russian].

[5] Zhunusova, R.M., Akhmetova, D.T., Zhunusova, R.M., Utibaev, B.S. (2021). Ösımdık şaruasılyqtarynda öndiris tiımdılıgın arttyru [Increase production efficiency in crop farms]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 1, 57-66 [in Kazakh].

[6] Rakhmetova, A., Kalkabayeva, G., Kurmanalina, A., Serikova, G., Aymurzina B. (2020). Finansovo-kreditnyj i innovacionnyj sektory jekonomiki: ocenka makroekonomicheskikh jeffektov regulirovaniya i vzaimodejstvija sektorov [Financial, credit and innovation sectors of the economy: assessment of macroeconomic effects of regulation and sectors interaction]. *Problemy predprinimatel'stva i ustojchivogo razvitiya - Problems of Entrepreneurship and Sustainable Development*, 8 (1), 1224-1237 [in Russian].

[7] Sigarev, M.I. & Kantarbayeva, S.M. & Meymankulova, S.S. & Shakhova-Akhmeshova, D.E. (2014). Kreditovanie selskokhozjaistvennoqo proizvodstva v Kasakhstane [Lending to agricultural production in Kazakhstan]. *Life Science Journal*, 11 (9), 299-302 [in Russian].

[8] Popova, O.V. & Sidorin, A.A. (2015). Rasvitiye metodologicheskikh podkhodov s prjamoi gosudarstvennoi podderzhkei agrarnykh tovaroproduktsionnykh [Development of methodological approaches to direct state support of agricultural producers]. *Ekonomika i predprinimatel'stva – Economy and entrepreneurship*, 6, 1134-1139 [in Russian].

[9] Likhmanova, G., Baisholova, K., Shiganbayeva, N. (2019). Innovative development of the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan. *Revista Espacios*. 40, 32, 6-19.

[10] Tokbergenova, A., Kiyassova, L., Kairova, S. (2018). Sustainable Development Agriculture in the Republic of Kazakhstan. *Polish Journal of Environmental Studies*, 27, 5, 1923-19338.

[11] Moroz, O.V. & Semcov, V.M. & Kukel, G.S. (2016). Model finansovoi dezentralizatsii selskikh territorii Ukraine [Model of financial decentralization of rural areas of Ukraine]. *Aktualnye problemy ekonomiki - Actual problems of the economy*, 182 (8), 291-301 [in Russian].

[12] Utibaev, B.S. & Akhmetova, D.T. & Utibaeva, G.B. & Zhunusova, R.M. (2016). Finansovaja podderzhka selskokhozjaistvennykh tovaroproduktsionnykh Respubliki Kasakhstan [Financial support for agricultural producers of the



Republic of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 2 (62), 62-69 [in Russian].

[13] Utibayeva, G.B. & Utibayev, B.S. & Zhunusova, R.M. & Akhmetova, D.T. (2019). Effektivnost dejatel'nosti kreditnykh tovarishestv i kredituemykh selkhoztovaroproizvoditelei [Efficiency of activities of credit partnerships and credited agricultural producers]. *Vestnik nauki KazATU im. S. Seifullin – Bulletin of Science KazATU named after. S. Seifullin*, 3(102), 159-167 [in Russian].

[14] Utibayev, B.S. (2018). *Finansovaja otchetnost i metodika analiza ee pokazatelei [Financial reporting and methodology for analyzing its indicators]*. Astana: KazATU im. S. Seifullin, 317 [in Russian].

[15] Bukhgalterskaja (finansovaja) otchetnost TOO “En-Dala” za 2019-2021 gody [Accounting (financial) statements of En-Dala LLP for 2019-2021] (2023). Available at: <https://eldala.kz/dannye/kompanii/5762-en-dala> (date of access: 05.01.2023) [in Russian].

#### Автор туралы ақпарат:

*Утибаева Гүлжан Бегиндыковна* – негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты; «Есеп және қаржы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры; С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті; 010011 Жеңіс даңғ., 62, Астана қ., Қазақстан; e-mail: [gulzhan\\_79@mail.ru](mailto:gulzhan_79@mail.ru); <http://orcid.org/0000-0002-0018-8424>

#### Information about author:

*Utibayeva Gulzhan Begendykovna* – **The main author**; Candidate of Economic Sciences; Associated Professor of the Department of Accounting and Finance; S. Seifullin Kazakh Agro Technical University; 010011 Zhenis Ave., 62, Astana, Kazakhstan; e-mail: [gulzhan\\_79@mail.ru](mailto:gulzhan_79@mail.ru); <http://orcid.org/0000-0002-0018-8424>

#### Информация об авторе:

*Утибаева Гүлжан Бегиндыковна* – **основной автор**; кандидат экономических наук; ассоциированный профессор кафедры «Учет и финансы»; Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина; 010011 пр. Победы, 62, г.Астана, Казахстан; e-mail: [gulzhan\\_79@mail.ru](mailto:gulzhan_79@mail.ru); <http://orcid.org/0000-0002-0018-8424>